

4. Малиновский В. Глава государства суверенного Казахстана. – Алматы: ВШП «Аділет», 1998. – 242 с.

5. Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. – Алматы: Изд.дом «Кітап», 2002. – 407 с.

6. Сапарғалиев Г., Мухамеджанов Б., Жанузакова Л., Сакиева Р. Правовые проблемы унитаризма в Республике Казахстан. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2000. – 312 с.

7. Долгосрочная стратегия развития Казахстана "Казахстан - 2030" и Программы Республики Казахстан / <http://www.akorda.kz/ru> сайты пайдаланылды.

8. Елбасы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы / <http://ortcom.kz/ru/program/program-100steps/text/show> – сайты пайдаланылды.

9. Акылбай С.Б. Актуальные проблемы дальнейшего совершенствования правосудия в Республике Казахстан // Государственная управление и государственная служба. – Астана, 2007.

## ТЕРРОРИСТ ҚЫЛМЫСҚЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫ

*Рахымжан Ә.Т., 1 курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Өзбеков Д.Ө., қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессорының ассистенті, заң ғ.к.*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

Терроризм – қазіргі таңда бүкіл дүниежүзін алаңдатып отырған ең қауіпті, ең күрделі, сондай-ақ, аса жоғары қарқынмен өршіп келе жатқан қауіпті қылмыс болып табылады.

Террористік бағыттағы қылмыстарды зерттеуде террорист қылмыскердің тұлғасын криминологиялық және психологиялық тұрғыдан қарастыру маңызды. Себебі дәл осы қылмысқа баратын тұлғаларды қандай мақсат итермелейтінін немесе қандай себеппен осындай әрекеттерге баратынын анықтау арқылы, біз бұл қылмыс түрін алдын алу және жалпылама жою мүмкіндігіне ие боламыз.

Террористік қылмысты жүзеге асыратын тұлғаға, яғни террористтің тұлғасын зерттеуге қазіргі таңда құқық қорғау органдары, арнайы мамандар және ғалымдар зерттеу жүргізуде. Шет

мемлекеттерде террористік актілер көп орын алғанымен, терроризм Қазақстан Республикасында ХХІ-ғасырдың басында ғана пайда бола бастаған қылмыс түрі болып табылады.

Террористік әрекеттерге қатысатын тұлғаларды бірнеше түрге бөлеміз, олар: басшы, басшының орынбасарлары; орындаушы; нұсқаушы, азғырушы, ұстаз; қаржыландыратын тұлға.

Қылмыскердің тұлғасы күрделі құрылымды болып келеді және оның мазмұны тұлғаның қоғамға қайшы бағыттылығын туындататын моральді-психологиялық ақаулар, деформацияланған құқықтық сана, жағымсыз өмірлік ұстанымдар, эмоционалдық-психикалық қасиеттер мен ерекшеліктер жиынтығын, құндылықтар мен бағыттар жүйесінің бұрмалануын көрсетеді. Яғни террористік қылмыскер тұлғасы, ол – қоғамға қайшы әрі дәстүрлі емес көзқарастары бар және өмірлік құндылықтарға теріс қарап, жаңа мемлекеттік құрылым құруды көздейтін, жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық қауіпті жол таңдаушы тұлғаны айтамыз.

Террористтердің өмірлік тарихында көбіне келесідей факторлар әсер етеді: ата-ана қамқорлығынан немесе ата-анасынан ерте айырылу, травматогенді балалық шақ немесе қорлаумен және материалдық жағдайдың жоқтығымен өткізілген жастық шақ, психологиялық ақаулар. Ең маңызды фактор ретінде өзін-өзі бағалау дәрежесінің өте төменгі деңгейі, ол ата-ананың назары мен қамқорлығының аз болуынан немесе мүлде болмауынан, қорлау мен сенімсіздік білдіруінің салдарынан болуы мүмкін. Достарынан, таныстарынан, туыстарынан, қоғамнан түскен сенімсіздік және буллингтің әсерінен болуы да ықтимал деп есептейміз. Яғни терроризм генезисіндегі ең бастысы индивидтің өзін-өзі таныту қажеттілігі болып табылады.

Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық аспектісін ашуда оның жынысы, жасы, білім деңгейі, отбасы жағдайы, әлеуметтік жағдайы мен кәсібі туралы және т.б. мәліметтер аса маңызды рөл атқарады.

Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық мінездемесін зерттеу негізінде пайдаланылған қылмыстық істерді, сауалнамалық мәліметтерге сәйкес террористік бағыттағы қылмыстар жасаушы тұлғалардың көбіне ер адамдар екендігіне көз жеткіздік. Бұл қылмыс түрінің 85% ер адамдар жасаса, 15% ғана әйел адамдардың үлесінде. Экстремистік немесе террористік бағыттағы кез келген қылмыстылық – тұлғалардың спецификалық, қоғамға қайшы принциптерін көрсетуі,

барлық адамдардың конфессиялы, ұлттық, нәсілдік тегіне қарамастан тең деген конституциялық құқықтарын жоққа шығару болып табылады. Осы сипаттамалар мұндай қылмыс түрін жасаушы тұлғалардың рухани жан дүниесінің тұрақталмағандығын, ішкі дүниетаным әлеуетінің қалыптаспағандығын білдіреді немесе ол үшін экстремизм, ұлтшылдық, шовинизм ішкі сана-сезіміне қолайлылық беретін аса керек қажеттілік екендігін көрсетеді [1; 489]. Бұл ой-тұжырымды Қайрат Лама Шарифтің діни экстремисттердің бет-бейнесіне берген бағасы бекіте түседі: «...шетелден келген идеялық бағдарларды қабылдаған және де идеологиялық манипуляция елегінен өткен 20-30 жастағы адам. Бұған әлеуметтік түйткілдер шоғырын да қосқан жоқ. Өйткені барша адам субъективті яки объективті себептерге байланысты өмірден өз орнын, яғни, Ұлы Абай айтқан, «дүниеден өз кетігін тауып, кірпіш боп қалана» алмауы мүмкін.

Террорист қылмыскерлердің кәсіби біліктілігіне келетін болсақ, жоғары білімі бар адамдар үлесі 18,4%, аяқталмаған жоғары білімі барлар 6,3%, орта арнаулы білімі барлар 35,7%, орта білімі барлар 30,2%, білімі жоқ адамдар 9,4%-ға тең.

Террорист қылмыскерлердің әлеуметтік жағдайын да екі типке бөлуге болады, яғни төменгі және орташа немесе жоғары деңгейдегі адамдар. Орташа және жоғарғы деңгейдегі типтерге тән белгілер, олар көбіне әл-ауқатты отбасылардан шыққан, арнаулы білімі бар, террористік әрекеттерге итермелеуші күш ретінде – идея, фанатизм, өшпенділік жүреді. Оларға Сауд Арабиясының мультимиллиардерінің ұлы Усама бен Ладенді, Венесуэлланың ең мықты адвокаттарының ұлы Ильич Рамирес Санчесті жатқызуға болады.

Екінші тип төменгі деңгейдегі адамдарға тән белгілерге: білімсіздік, сауатсыздық, төменгі әлеуметтік жағдай, жұмыссыздық, өзін-өзі бағалаудың төменгі деңгейі, өзін-өзі көрсетуге деген құлшыныс және т.б жатады. Бұл типтегі террористтердің бірегей ерекшеліктеріне топта жұмыс жасауға тартынуы жатады. Оған себеп жеке тұлғалық қасиеттердің жоқтығы немесе проблемасы. Олардың ұқсас қасиеттері: өз ісіне немесе ұйымға деген адалдық; құрбандыққа дайын болу; дисциплина; бағынушылық; коллективизм. Террористтер өзін жеке тәуелсіз тұлға ретінде көрсеткісі келеді, бірақ бағынушылыққа бейім және тәуелді. Сол себептен көп жағдайда ашуланшақ, ренжігіш, өзімшіл және басқа негативті қасиеттерге ие.

Оның мотивациясы – басқа тұлғалардан жоғары, беделді болу және оларды басу немесе сүйіспеншілік тудыру, авторитарлық көшбасшылық.

Зерттеулерге сәйкес террористік актілерді көбіне 20-40 жас аралығындағыер адамдар жасайды. Дегенмен қазіргі таңда «әлсіз» жыныстылар да кем емес екенін ескере өту керек. Оған 2004 жылы 29-30 наурыз күндері Өзбекстан мемлекетінде орын алған террористік актілерді жанкешті әйелдердің жасағаны дәлел.

Зерттеулерге сай, террористік құрылымда әйел адамдар – ержүрек, идеал мен мақсаттарына адал және фанатик болып келеді. Бұны жанкешті-террорист әйелдермен болған жағдайлар дәлелдейді. Әйел террористтерді ер адамдарға қарағанда саясат және идеологиялық мақсаттар көбіне қызықтырмайды. Террорист-әйелдердің нақты мақсаттары болады, олар көбіне жақындарынан, жұбайларынан айырылғаны үшін өш, кек алу мақсатында күреседі. Жақындарынан айырылу себебінен қатты психологиялық травма немесе стресс алудың нәтижесінде, өмірінің мәнінен айырылу сезімі нәтижесінде, соңғы мақсаты ретінде кек алуды көздей отыра, террористтердің ең қолайлы қуыршағы атанады [2; 39].

Террористік жолға түсетін тағы бір адамдар, ол - балалар және жасөспірімдер. Оған дәлел Завотпаев Р.Т. өз еңбегінде: «... терроризм идеологтары мен практиктері өз назарларын социумның психологиялық тұрғыдан төмен қорғалған бөлігіне – балалар мен жасөспірімдерге назар аударуда: палестиналық террорист-шахидтердің көбі 14-16 жас аралығындағы жасөспірімдер»,– деп көрсетіп, түрлі діни ағым өкілдерінің өз ойларын жүзеге асыру үшін әрекет қабілеттілігі шектеулі субъектілердің жас ерекшеліктерін есепке алмайтындықтарына тоқталады [3; 38].

Қылмыстылықтың статистикасына жүгінсек көбіне кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың басты себебі ретінде – отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауын жатқызады. Оған: отбасында спиртті ішімдіктерін пайдаланатын, есірткі қабылдайтын, ата-ана құқықтарынан айырылған, жиі жанжалдасатын отбасылармен қатар, сырттай жағымды әсер қалдырғанмен дінге шектен тыс берілген, өзге халық мәдениеті мен тілін, ділін қабылдағысы келмейтін отбасыларды да жатқызамыз. Көптеген ата-аналар өз балаларының бос уақыттарын қалай өткізіп жүргендігіне көңіл бөлмейді. Бақылаудың жоқтығынан жасөспірімдер түрлі нәрселерге еріп, көбіне өзгелерге еліктеп, псевдодіни ұйымдарға мүше болып

кеткен жағдайлар да баршылық. Бұл туралы А.А.Шестаков, «...бір жағдайларда отбасы ұстап тұрушы фактор болса, басқа жағдайларды қылмысқа итермелеуші, оны тездетуші фактор» – деген көзқарас білдірді[4; 61].

Террористік әрекеттерге итермелейтін криминогендік факторларға келесілерді жатқызуға болады: кедейлік; жұмыссыздық; сауатсыздық; баспана жоқтығы; білім беру және оқыту жүйесінің жетілмегендігі; мәдениет деңгейінің төмендігі; ғаламторда және бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылық пен теңсіздік ақпараттарының таратылуы және т.б.

Қазіргі кезде террористік жантүршігерлік жарылыстар мен басқа да әрекеттердің күшейгені сонша, ол бір мемлекеттің проблемасы болудан қалып, халықаралық сипатқа ие бола бастады. Терроризм кейбір топтар мен ұйымдардың мемлекеттік басқару органдары мен тұрғындарды үрейлендірудің, өздерінің саяси, ұлттық, діни, субъективтік, тағы басқа проблемаларының шешудің ең қауіпті жолына айналғанын ашық айтуымыз керек. Терроризм бүгінгі таңда адамзат қоғамы үшін экологиялық қауіпсіздік, адамзат қауіпсіздігі сияқты ғаламдық проблемалардың біріне айналды. Сондықтан да, терроризм проблемасын шешу адамзат қауіпсіздігі үшін қажетті шара. Терроризмнің ұғымын беру, онымен күресудің халықаралық құқықтық негізін орнату, терроризмнің алдын алуға байланысты сақтандырушық, жедел іздестіру және басқа да сұрақтарды шешу бүгінгі күндегі өзекті мәселе болып саналуы тиіс. Бұл жағдай Қазақстан Республикасында саяси жағынан перспективті, қоғамдық пайдалы еңбек қолдарынан айырып, зайырлы, құқықтық мемлекет өміріне атсалыса алмайтын, қарапайым танымдық сана-сезімі төмен, теріс идеологияның фанаттарының өмірге келуіне ықпал етпеуі тиіс [5; 468].

Қорытындылай келе, терроризммен күресті кіші ұрпақтан бастау, болашаққа әсерін тигізетіні сөзсіз. Сол себепті терроризмнің көзін жою немесе алдын алу үшін ең бірінші – отбасындағы тәрбиемен жұмыс жасау қажет, яғни ата-ана баланың психологиялық жағдайына, толық дамуына барлық жағдайларды жасауы қажет. Қазақта осыған орай «тәрбие – отбасынан басталады» деген сөз бар. Және бұл сөз өте дұрыс айтылғандығын аңғарамыз. Себебі мінез, ой, көзқарас барлығы отбасыда фундаменталды қалыптасып, ары қарай қоғаммен қатынаса одан бетер дамиды. Отбасындағы тәрбие баланың психологиясын қалыптастыратын мектеп болып табылады. Бұл тұста,

ата-ананың балаға беретін дұрыс тәрбиесі, дұрыс бағытқа салуы оның қылмыстық жолға түспеуіне толықтай септігін тигізеді. Екінші шара, Қазақстан Республикасының территориясындағы барлық адамдар мен азаматтарға терроризмнің не екендігін, оның ағымдарын, түрлерін және террористік бағыттағы әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік бар екендігін және мемлекеттегі теріс діни ағымдардың таратылмауына, ұлтқа, нәсілге және т.б. ерекшеліктерге, өшпенділік пен қатігездікке, зорлық - зомбылыққа шақыру ақпараттарын көзін жою, шақыруға тыйым салу, қатаң заңмен қудалану қажет. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы, телекоммуникация желілері мен ғаламторда терроризмге байланысты ақпараттың көзін жою арқылы нәтижеге жетуіміз әбден мүмкін. Терроризм профилактикасындағы ең маңыздысы, ол — мәдениет ошақтарының, білім сапасының деңгейін жоғарылату, білім беру мекемелеріндегі терроризмге қарсы шаралардың ұйымдастырылуы, қоғамда терроризмге қарсы иммунитет қалыптастыру, халықтың оқу сауатын ашу, құқықтық нигилизммен күресу, гуманизм мен мейірімділікті насихаттау арқылы біз бұл ауыр қылмыстың алдын алу және көзін жою мүмкіншілігіне міндетті түрде ие боламыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Райбаев Д.Қ. Экстремист қылмыскердің криминологиялық сипаттамасы. – KazNU Bulletin. Law series, 2015. № 1 (73). – 495 б.
- 2 Волынский-Басманов Ю., Тюфякова М. Социально-психологический портрет современного террориста. – Мир и безопасность. 2005. №2
- 3 Завотпаев Р.Т. Предупреждение терроризма в Республике Казахстан: (уголовно-правовой и криминологический аспекты): Автореф. ...к.ю.н. –Караганда: КЮИ МВД Республик Казахстан им. Б.Бейсенова, 2004. – 125 с.
- 4 Шестаков А.А. Введение в криминологию семейных отношений. – Л., 1980. – 135 с.
- 5 Райбаев Д.Қ. Экстремист қылмыскердің криминологиялық сипаттамасы. – KazNU Bulletin. Law series, 2015. № 1 (73). – 495 б.